

Қазыналы қарияларға құрмет

Ата-апаларымыздың төл мерекесі Құланөтпес ауылында жыл сайын ерекше аталып өтіледі. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Ауыл әкімінің ұйымдастыруымен Ақтүбек, Нығыман бөлімшелері және Құланөтпес ауылының ақсақалды аталары мен ақ жаулықты әжелерімізге мерекелік шақырту қағаздары жіберілді.

Концерттік бағдарламада ауылымыздың әкімі Абенов Ардақ қарияларымызға өзінің жылы лебізін білдірді. Мерекелік жиында алдымен ата-әжелеріміздің суреттерінен құралған слайд көрсетіліп, мектеп оқушыларының «Мен атам мен әжемнің жалғасымын» атты шағын монтажы ұсынылды. Өндер шырқалып, би биленді. Концерт соңында үлкендеріміз өздерінің ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты. Мерекелік дастарқанда ата-апаларымыз көтеріңкі көңіл-күймен ән айтып, ақ тілектерін білдіріп, баталарын берді.

Жазира Боканова
Құланөтпес ауылдық кітапханасының
кітапханашысы

Материалдарды
дайындаған: Д. Әбдіғалиева